


Н.Сафин

САФИ ӨТЕБАЙҰЛЫ



ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ



БӘЙТЕРЕК

Адамгершіліктен, қасиеттен, пәктіктен, адалдықтан, кісіліктен туған екі алып тұлғаны көріп-білгеніме озімді әрқашан бақытты санаймын. Бірі—қазақ халқының заңғар ұлы тұлғасы, кешегі өткен заманда еліміздің иесіне де, киесіне де айналған, қалың қазақтың көсемі Дінмұхаммед Меңліахметұлы Қонаев та, екіншісі—бүгінде ғасыр жасап отырған, халқының шапағатына бөленген, қазақ мұнайының атасы атанған алып бәйтерек Сафи Өтебаев еді. Екеуі де ұрпақ жүрегіне періштедей ұялап, ізгіліктің әдемі жолын салды, өмір сүрудің мінсіз ғажайып үлгісіне, Отанға қызмет етудің символына, заманының, халқының мақтанышына, мәуелеп бұтақ жайған бәйтерегіне айналды.

Сафи Өтебаев 1909 жылы Қызылқоға ауданы, Қарабау селосында мұнайшының отбасында он бірінші бала болып дүниеге келеді. Доссордағы мектепте бес жыл оқып, ФЗУ-да үш жыл оқып, слесарь, бұрғышы мамандығын алады. 1928–30 жылдары Орынбор рабфагінде, 1931–1935 жылдары Азербайжан мұнай институтында оқып, елге оралады. Осыдан бастап бар өмірін, тәжірибесі мен білімін Құдайдан кейінгі бүгінде елді асырап отырған мұнай өндіруге арнайды. Қызметін Ембі, Мақатта бұрғышы инженер, кәсіпшілік директорлығынан бастаған жас инженер 1937 жылы «Ембімұнай» тресіне бас инженер болып тағайындалады. 1945 жылы елімізде тұңғыш мұнай айыратын зауыт салдырады. 1941 жылдан бастап батыс өңірінде жер астында балқыған мұнай теңізінің жер бетінде талай көзін ашады, ұңғымаларды іске қосады. 1945–1951 жылдары Жылыой аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып, 1951 жылы «Қазақстанмұнай» бірлестігін басқарады. 1957–1965 жылдары әуелі Гурьев, сосын Батыс Қазақстан совнархозын басқарады. Сөйтіп, Батыс өлкесінің төсінен сан мыңдаған мұнай көзін ашады, мұнай өнеркәсібін дамытады, жаңа зауыттармен қатар мұнайды тасымалдайтын құбырлар, теміржолдар салдыртады; Қазақ политехника институтының жанынан мұнай факультетін аштырып, Одақтың жоғары оқу орындарына жүздеген жастарды

конкурстан тыс қабылдатады. Сөйтіп, өткен ғасырда қарынға құйып тасыған қара майдың даңқын аспанға асырады.

Сафи аға Орынборда жүрек табыстырған, Аллаһ қосқан, сүйіп қосылған адал жары Шарипа апаймен алпыс жыл баянды өмір сүреді, перзент сүйеді, халқының сүйіспеншілігіне бөленеді, арына, ұятына, абыройына айналады.

Табиғатынан, жаратылысынан әдемі туған Сафи аға жүзге таяған шағында да нұрлы, келбетті. Мұндай бақытты да Аллаһ тағала әркімге бере бермеген, сүйген құлына ғана берген. Ағамыз осындай бақытқа ие болған адам. Өсек-аяңды, пыш-пышыңды, пендешілікті білмейтін, кісінің ала жібін аттамаған, ешкімге қиянат жасамаған, мейірімнен, шапағаттан, сұлулықтан туған адам. Өмір сүрудің, еліне қызмет етудің асыл өнегесін жасаған кісі. Сафи ағаны бәріміз осы қасиеті үшін де жақсы көреміз.

1999 жылы Сафи аға тоқсан жасқа толды. Той жасады. Мен төрде, қасында отырдым. Коньяк ішті, «Қызыл Бидай», «Майтура» делінетін өзінің сүйікті әндеріне салды, үзілісте қыздармен биледі. Бәріміз де қызықтық, сүйсіндік. Кейінірек өзінің інісі Рахмет Өте-сіновтің 75 жылдық мерейтойында да аздап коньяк ішіп, ән салып, үзілісте қыздармен билепті. Келіні Сафура:

— Аға, қыздармен билейтініңіз не, ұят емес пе, тәтемдермен билесеңізші, — дегенде:

— Қой, құрсын, оларды алып жүру қиын, — деген екен.

2004 жылы Қазақстан мұнайының 100 жылдығы тойланды. Осы жолы мұнаймен бірге жасасып келе жатқан асыл ағамыз «Қазақ мұнайының атасы, абызы» аталды, кеудесіне «Отан» орденін тақты. Жүзге жақындап отырған ағамызға «Халық Қаһарманы» атағын бере салса неғылады, шіркін-ай» дедік бәріміз де. Осындай байтақ, әрі өнегелі өмір кешіп келе жатқан асыл ағаның кеудесіне Қаһармандықтың белгісін қадай салса да болғандай еді.

Асыл адамдар, биік тұлғалар атақ үшін өмір сүрмейді, ұлы мұраттар үшін ғұмыр кешеді. Ағамыздың ең биік атағы—Халқының құрметі, құрметке бөленген кісі. Бөлене берсін, мейірім шаша берсін, биік бәйтерек жапырағын жая түссін.

Тоқсанның жетісіне келіп, туған күнін тойлаған менің бір ағама інілерінің біреуі:

— Аға, жасыңыз құтты болсын, жүзге жетіңіз,—деп бата беріпті.

Сонда ағамыз:

— Онсыз да жүзге жетіп отырған жоқпын ба, оның аржағында өмір жоқ па екен?—деп тас-талқан боп ашуланыпты. Сол айтқандай, жасамасақ та, жүздің де аржағында жас бар екенін білеміз, бүгінде ғасыр жасап отырған халқының батагөйі, тілеуқоры Сафи ағамыз жүзден де ассын, Алланың берген жасын жасасын, жағы түспей жамандық көрмесін.

105 жасаған менің Жұмабай деген ағама бір күні апамыз:

— Асарыңды асадың, жасарыңды жасадың, енді баратын жеріңе жүре бермеймісің? — депті.

Сонда ағамыз;

— Жазған-ау, ол жаққа барып, қайтып келген адам жоқ, не бар дейсің ол жақта, бала-шағамның арасында жүре тұрайын да,—деген екен.

Ия, Сафи ағамыз халқының тілеуқоры болып ел ішінде, бала-шағасының қасында жүре берсін. Баянды өмірдегі байтақ ғұмырын кеше берсін.

Мырзатай Жолдасбеков,
30-сәуір, 2006 жыл.